«Бекітемін»
№5 мектеп-лицей директоры
Р.Мұхашова
«29» тамыз 2025ж

«Келісемін»
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Т.Тастаева
«29» тамыз 2025ж

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын 2025-2026 оқу жылында жүзеге асыру бойынша тәлімгердің жұмыс жоспары

Мектеп тәлімгері: И.Қуанышбек

2025-2026 оқу жылы

Аға тәлімгердің

2025-2026 оқу жылының жылдық жұмыс жоспары

1.Оқушылардың жыл бойы тәрбиелік бағытта жұмыс жүргізуге отырып оқушылардың жеке тұлғалық мүмкіндіктерін ашуға көмектесу, қоғамдық жұмыстарға қызығушылығы арттыру. Отан сүйгіштікке баулу, мемлекеттік іс-шараларға белсенді қатыстыру.
2.Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ету.
3.Білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
4. Мектепте аға тәлімгердің жұмысы жоспарланған іс-шаралары бойынша атқарылады.
5. «Жас Қыран» ұйымының жұмысы мен «Жас Ұлан» балалар мен жұмысының ұйымының жұмысы, салтанатты және мерекелік жиындар, атаулы күндер, қамқорлық жұмыстары, акциялар, байқаулар т.б
6.Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар және жасөспірімдер ұйымына 25 қазан Республика күніне орай және 1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күндері қабылданады.
7. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында «Мектеп Парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарын жүзеге асыру.
8.Мектептегі «Адал ұрпақ» клубтарын жұмысын жүргізу
9. Сондай – ақ оқушылар арасында өзара жеке бас тазалығын және қоршаған ортаны қорғау әр сәрсенбі және бейсенбі күндері тазалық жұмыстарын ұйымдастыру

«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығын атап, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударуды тапсырды. Осыған орай 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғамды қалыптастыратын адал азаматтар табанды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлес қосқанда ғана мүмкін болады.

Озық дамыған мемлекет құру үшін азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы қажет. Осыған орай жастарды тәрбиелеу «Адал азамат» идеясымен үндеседі. Бұл балалар мен жастардың бойында әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын дарыту арқылы адал еңбек пен қоғам игілігін алдыңғы орынға қоятын, адал, әділетті азаматтарды тәрбиелеуге бағыт береді.

Ал, «Әділетті Қазақстан» идеясы әрбір азаматқа өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа жетуге бірдей мүмкіндік беретін қоғам құру

мақсатын көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, заң мен тәртіп құндылықтарын дамытуды қажет етеді.

«Озық ойлы ұлт» идеясы балалар мен жастардың бойында білімге құштарлық, шығармашылық және инновациялық ойлау, кәсіби даму, бірлік пен ынтымақтастық құндылықтарын дамыту арқылы өзгерістерге бейімделіп, инновациялық технологияларды ұтымды қолданатын ұлтты қалыптастыруға бағытталады.

Бағдарламаның мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;

ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;

отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Білім алушылардың бойында түйінді құндылықтарды қалыптастыру құзыреттілік тәсілдемесі арқылы жүзеге асырылады. Бұл білім алушылардың бойындағы құзыреттер жиынтығын құрайды және білім беру ұйымы түлектерінің моделін айқындайды:

ұлттық мүддені ілгерілету –Отанның дамуына үлес қосуға, өз елінің ұлттық мүддесін қорғауға және дамытуға дайын болуы;

тиімді қарым-қатынас – басқалармен тиімді қарым-қатынас орнату, түсіну, командада жұмыс істеу және қақтығыстарды шешу дағдылары арқылы түрлі әлеуметтік ортада инклюзивтілік пен бірлікке ықпал ету, басқалармен ынтымақтастық орнату;

қоғамға қызмет ету – этикалық, әлеуметтік және мәдени тұрғыдан қолайлы тәжірибелерді қолдана отырып, қоғамның дамуына ерікті үлес қосуға дайын болу;

азаматтық парыз – этикалық мінез-құлық нормаларын, адалдық және заңның үстемдігін сақтау, қоғам талаптарын құрметтеу және ұстану;

инновациялық ойлау – жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылу, кедергілерді еңсеру үшін жаңа дағдыларды игеру және болашақ бастамаларын табысты іске асыруда өз әлеуетін пайдаланутабандылық таныту;

шығармашылық – идеялар мен проблемаларды шешуде стандартты емес тиімді әдістер арқылы контекстке сәйкес генерациялау қабілеті.

Тәрбиеде құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдемелерібір-бірін толықтырып, өмірлік сын-қатерлерге тотеп бере алатын және табысты әлеуметтенген жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Мектептегі тәрбие жұмысының мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

- **Мектептегі тәрбие жұмысының міндеттері:** Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
- Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбеккорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Құндылықтар:

-Тәуелсіздік және отаншылдық;

- Бірлік және ынтымақ;

-Әділдік және жауапкершілік;

- Заң және тәртіп; Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік;

-Жасампаз және жаңашылдық;

-Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік;

ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕККОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік «Заң және Тәртіп» , «Еңбеккорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жанашылдық»

1 қыркүйек – «Білім күні»
5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні
Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні
Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты мамандар
1	1 қыркүйек-білім күніне арналған **«Мектебім–мейірім мекені»** атты салтанатты жиынын 1, 11 сынып оқушыларына өткізу.	Тақырыптық іс-шаралар #Bilim_quni хэштегі әлеуметтік желіге жариялау	Қыркүйек	Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек ДТЖО 1,11 сынып жетекшілер
2	Қазақстан халқы тілдері күні	Әлеуметтік желіге #Біртұтас_тәрбие хэштегімен жариялау	Қыркүйек	Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек Өзін-өзі басқару ұйымы
3	«Жас жолаушы және жол тәртібін бұзбайық» дебат («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	Түсіндіру жұмыстары әлеуметтік желіге #Біртұтас_тәрбие хэштегімен жариялау	Қыркүйек	ДТЖО Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек
4	«ДОС БОЛ Like»	Акция	Қыркүйек	Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек

ҚАЗАН – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік «Заң және Тәртіп» , «Еңбеккорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жаңашылдық»

1 қазан – Халықаралық қарттар күні
5 қазан – Мұғалімдер күні
24 қазан – Кітапханашылар күні
25 қазан – Республика күні

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты мамандар
1	Қарттар күніне орай **«Жан жылуын сыйлаймыз!»** атты акция ұйымдастыру - **«Қарт жүрген жер береке»** тақырыбында 1-10 сыныптар арасында сынып сағаттарын өткізу; - **«Қарты бар үйдің құты бар»** тақырыбыда 7-10 сынып оқушылары арасында шығармалар байқауын өткізу.	Жоспар бойынша тақырыптық іс-шаралар	Қазан	ДТЖО Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек
2	Білім алушылардың бойында азаматтық жауапкершілік дағдылары мен көшбасшылық, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында **«Дублер»** күнін ұйымдастыру.	Жоспар бойынша тақырыптық іс-шаралар	Қазан	ДТЖО Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек
3	Мұғалімдер күнін мерекелеуге арналған тақырыптық іс-шаралар өткізу: ***«Ұстаздармен біргеміз!»** атты флешмобтар ұйымдастыру;* *«Даналық ұстаздан» челлендж*	Жоспар бойынша тақырыптық іс-шаралар	Қазан	Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек
4	«Еңбегі адал – жас өрен» жобасын іскеасыру бағытында «Күзгі асар» аттыжәрменкесін ұйымдастыру	Жәрменке	Қазан	ДТЖО Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек Өзін-өзі басқару ұйымы
5	25 қазан - Республика күні мерекесіне орай **«Жас Ұлан, Жас Қыран» ұйымына қабылдау Қазақстаныма арнаймын»** атты мерекелік іс-шаралар ұйымдастыру	Ұйымға қабылдау Тақырыптық іс-шаралар	Қазан	ДТЖО Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек

ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ***«Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік «Заң және Тәртіп» , «Еңбеккорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жаңашылдық»***

15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні
16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты мамандар
1	«Үшқыр ой алаңы» жобасын іске асыру бағытында тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Үшқыр ой алаңы» атты зияткерлік ойынын өткізу	Зияткерлік ойын	Қараша	Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек
2	Мектеп парламентінің журналын шығару Парламент отырысын өткізу «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымы, «Адал ұрпақ» ұйымының отырысын өткізу	Дөңгелек үстел	Қараша	ДТЖО Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек
3	15 қараша – Ұлттық валюта күніне орай іс-шаралар ұйымдастыру	Тақырыптық іс-шаралар	Қараша	ДТЖО Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек
4	«ДОС БОЛ Like»	Акция	Қараша	Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек

ЖЕЛТОҚСАН–БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік «Заң және Тәртіп» , «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жаңашылдық»

5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты мамандар
1	«Жетістігімді еліме арнаймын» атты челленджін өткізу	Челлендж	Желтоқсан	Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек 5-11 сыныптар
2	Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру мақсатында «Балалар кітапханасы» жобасын іске асыру бағытында әдеби кеш /кітап жәрмеңкесі/кітап кейіпкерлері байқауын ұйымдастыру	Іс-шаралар	Желтоқсан	ДТЖО Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек 1-4 сыныптар
3	ҚР Тәуелсіздік күніне орай «Тарихым - мақтанышым» тақырыбында эссе жазғызу, «Тәуелсіздік таңы мәңгілік» тақырыбында сурет байқауы.	Байқау	Желтоқсан	Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек 1-4, 5-7 сыныптар
4	«Жаңа – 2026 жыл»	Іс-шаралар	Желтоқсан	Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек 1-11 сыныптар

ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік «Заң және Тәртіп» , «Еңбеккорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жаңашылдық»

1 қаңтар – Жаңа жыл

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты мамандар
1	«Еңбегі адал - жас өрен» жобасын іске асыру бағытында білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбеккорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Мамандықтар марафоны» атты байқауын өткізу	Байқау	Қаңтар	Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек 5-7 сыныпар
2	«Үздік оқушы», «Жас спортшы», «Мектеп белсенділері», «Өнерлі оқушы», «Қамқор оқушы» марапаттау жарнамаларын өткізу. Парламент отырысын өткізу	Отырыс	Қаңтар	ДТЖО Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек Өзін-өзі басқару ұйымы
3	«ДОС БОЛ Like»	Акция	Қаңтар	Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек 1-11 сыныптар

АҚПАН–ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік «Заң және Тәртіп» , «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жаңашылдық»

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні
Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні
14 ақпан-Ауған күні
«Құқықтық тәрбие-құқықбұзушылықтың алдын алу» айлығы

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты мамандар
1	«Балалар кітапханасы» жобасын іске асыру бағытында «Шын жүректен кітап сыйла!» атты челленджін өткізу	Челлендж	Ақпан	Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек 5-11 сыныптар
2	Жалпы білім беретін мектеп оқушыларына арналған «Абай оқулары» атты байқауын өткізу	Байқау	Ақпан	Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек 8-11 сыныптар
3	Дөңгелек үстелдер, әңгімелер шеңберінде, әр түрлі спорт түрлері бойынша білім алушылармен белгілі спортшылармен кездесу ұйымдастыру	Іс-шара	Ақпан	ДТЖО Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек Өзін-өзі басқару ұйымы
4	«ДОС БОЛ Like»	Акция	Ақпан	Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек

НАУРЫЗ–ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік «Заң және Тәртіп» , «Еңбеккорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жаңашылдық»

1 наурыз – Алғыс айту күні
8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі
27 наурыз-Дүниежүзілік театр күні
30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты мамандар
1	1 наурыз – Алғыс айту күні «Алғыс – ізгі ниет» атты таңғы кездесу	Іс-шаралар	Наурыз	Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек 5-11 сыныптар
2	«Шабыт» жобасын іске асыру бағытында «Ананың аялы алақаны» атты челленджін өткізу	Челлендж	Наурыз	Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек 1-11 сыныптар
3	III «Жас Ұланның – ЖҰЛДЫЗЫ!»	Ән байқауы	Наурыз	Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек
4	22 Наурыз мерекесіне орай «Ұлттықойын - ұлт қазынасы» атты ұлттық ойындар, «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» атты ұлттық киімдер байқауын өткізу	Іс-шаралар	Наурыз	ДТЖО Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек Музыка пәні мұғалімі
5	«Эко-күнтізбе» айдары бойынша 5-8 сынып оқушыларына арналған «Экология балалар көзімен» атты жас суретшілер байқауы, «Ғажайыпқа толы табиғат сырлары» атты экочелледжін өткізу	Іс-шара	Наурыз	Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек 1-4 сыныптар
6	5-8 сынып оқушылары арасында адал еңбекті құрметтеу, халқына адалқызмет етуге баулу мақсатында «Адалұрпақ - елдің болашағы», «Адал ұрпақ - мәңгілік елдің кепілі» атты пікірлесусағатын өткізу	Пікірлесу сағаты	Наурыз	Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек Өзін-өзі басқару ұйымы

СӘУІР–ЕҢБЕККОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік «Заң және Тәртіп» , «Еңбеккорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жаңашылдық»

2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні
7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні
12 сәуір – Ғылым күні
15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні
18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні
23 сәуір – Ұлттық кітап күні

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты мамандар
1	«Қоғамдық мүлікті қорға!» атты алдын алу іс-шарасын өткізу Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Алдын алу іс-шарасы	Сәуір	ДТЖО Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек Өзін-өзі басқару ұйымы
2	«Қамқор» жобасын іске асыру бағытында «Түлектердің ағаш егуі» атты экочелленджін өткізу	Челлендж	Сәуір	ДТЖО Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек 1-11 сынып жетекшілер
3	«Қанатты достар» акциясы	Акция	Сәуір	Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек
4	«ДОС БОЛ Like»	Акция	Ақпан	Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек

МАМЫР–БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚ АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: «Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік «Заң және Тәртіп» , «Еңбеккорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жаңашылдық»

1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
9 мамыр-Жеңіс күні
Мамырдың екінші жексенбісі-Аналар күні
15 мамыр-Отбасы күні
31 мамыр-Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты мамандар
1	«1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні» құттықтау	Бейнеролик	Мамыр	Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек
2	Отан қорғаушылар күніне орай «Жас сарбаз» атты әскери-патриоттық әндер фестивалін өткізу «Жас Қыран», «Жас Ұлан» ұйымына қабылдау	Ұйымға қабылдау Фестиваль	Мамыр	Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек Музыка пәні мұғалімі
3	Халықаралық отбасы күніне орай ата-аналарға арналған «Менің балам – көшбасшы» тақырыбында «Денсаулық FEST» атты ата-ана сағатын өткізу	Дөңгелек үстел	Мамыр	ДТЖО Мектеп тәлімгері И.Қуанышбек

АНЫҚТАМА


И.В. Панфилов атындағы мектеп-лицейде «Мектебім – мейірім мекенім» атты салтанатты іс-шара өтті.


Іс-шара атауы: «Мектебім – мейірім мекенім»
Форматы: Мектепішілік шара
Мерзімі: 1 қыркүйек, 2025 жыл
Орны: Панфилов алаңы
Қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары
Жауапты: Мектеп әкімшілігі


Мақсаты:
Оқушыларды жаңа оқу жылымен қарсы алу, мектепке деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілік сезімін арттыру, білім алуға деген ынтасын күшейту, сондай-ақ мектеп пен ата-аналар қауымдастығы арасындағы өзара байланыс пен бірлікті нығайту.

Өткізілу барысы:
Мектеп-лицей директоры Рита Жұмамұратқызы құттықтау сөз сөйлеп, оқушыларға жаңа оқу жылында сәттілік тіледі. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Рүстем Нұрмағанбетов пен ата-аналар да қатысып, бүлдіршіндерге ыстық лебіздерін білдірді. Мерекелік жиында оқушылар өнер көрсетіп, алғашқы қадам басқан 1-сынып оқушыларына ерекше көңіл бөлінді.

Нәтижесі:
«Мектебім – мейірім мекенім» іс-шарасы жоғары деңгейде өтті. Шара жас ұрпақтың білімге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, мектеп пен ата-аналар қауымдастығының бірлігін нығайтты.
#білімкүні #5mekteplitsey








МЕКТЕБІМ - МЕЙРІМ

АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде ағашқы «Қауіпсіз жол – балалар қауіпсіздігі» сабағы өтті.

Іс-шара атауы: «Қауіпсіз жол – балалар қауіпсіздігі»
Форматы: қауіпсіздік сабағы
Мерзімі:1 қыркүйек, 2025 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 1-сынып оқушылары
Жауапты: Мектеп әкімшілігі, инспектор


Мақсаты:
Бастауыш сынып оқушыларына жолда жүру ережелерін үйрету және олардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру.
Балалардың жолдағы мінез-құлқын дұрыс ұйымдастыру, өз өмірі мен денсаулығына жауапкершілікпен қарауға баулу.
Жол-көлік оқиғаларының алдын алу және құқықтық сауаттылығын арттыру.


Өткізілу барысы:
1 қыркүйек 2025 жылы №5 мектеп-лицейінде «Қауіпсіз жол – балалар қауіпсіздігі» тақырыбында қауіпсіздік сабағы ұйымдастырылды. Іс-шараға Қызылорда ЖПҚБ ЮПБ-ның полиция лейтенанты Жақсылықов Ерсұлтан Ерболұлы қатысып, оқушыларға түсіндіру жұмыстарын жүргізді.


Дәріс барысында:
Жолда жүру ережелері мен жаяу жүргінші тәртіптері түсіндірілді;
Бағдаршам сигналдарының мәні мен жол белгілерінің маңызы айтылды;
Қауіпсіздік сақтау жолдары, көшеде өзін-өзі ұстау дағдылары көрсетілді;
Балалардың сұрақтарына жауап беріліп, интерактивті әңгімелесу ұйымдастырылды.
Оқушылар белсенді түрде қатысып, маманмен пікір алмасып, өз ойларын айтты.


Нәтижесі:
1-сынып оқушылары жолда жүру ережелері туралы жаңа мәліметтер алды және қауіпсіздік ережелерін дұрыс сақтаудың маңыздылығын түсінді.
Оқушылардың құқықтық сауаттылығы мен қауіпсіз мінез-құлық дағдылары артты.
Балалардың арасында жол қауіпсіздігіне қатысты жауапкершілік деңгейі көтерілді.


#ҚауіпсізЖол #БалаларҚауіпсіздігі #ЖолЕрежесі #МектепӨмірі














АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Тілім менің – ғасырлардан аманат!» тақырыбында салтанатты жиын өтті.

Іс-шара атауы: Тілім менің – ғасырлардан аманат!
Форматы: салтанатты жиын
Мерзімі:5 қыркүйек, 2025 жыл
Орны: Панфилов алаңы
Қатысушылар: 8-11 сынып оқушылары
Жауапты: Мектеп әкімшілігі,тәрбие бөлімі.

Мақсаты:

Қазақ тілінің қоғамдағы мәртебесін нығайту;
Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен еңбегін танытып, оның мұрасын дәріптеу;
Оқушылардың рухани дамуын қолдау және тілге деген сүйіспеншілігін арттыру.

Міндеті:

Тіліміздің құдіреті мен маңызын оқушыларға сезіндіру;
Жастар арасында ұлттық құндылықтарды кеңінен насихаттау;
Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы мен ағартушылық қызметін тереңірек таныстыру.

Өткізілу барысы:

Іс-шараны мектеп директоры **Мұхашова Рита Жұмамұратқызы** құттықтау сөзбен ашып, оқушыларға елжандылық пен білім жолында табыс тіледі. Жиын барысында оқушылар Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдерін жатқа оқып, оның мұрасына арналған танымдық мәліметтермен бөлісті. Сонымен қатар, ұлттық рухты көтеретін әсем әндер шырқалып, қатысушыларға әсерлі көңіл күй сыйлады.

Нәтижесі:

Оқушылар Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен еңбегін тереңірек танып, оның қазақ тілін дамытудағы рөлін түсінді;
Қазақ тіліне деген құрметтері артып, ұлттық құндылықтарға қызығушылығы күшейді;
Мектептің тілдік-мәдени тәрбие бағытындағы жұмысы жанданып, оқушылардың рухани дүниесін байытуға ықпал етті.

Ұлт ұстазының мұрасы – мәңгілік!
#АхметБайтұрсынұлы #ТілімМенің #5мектеплицей





АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбында салтанатты жиын өтті.

Іс-шара атауы: «Қарттарым – асыл қазынам»
Форматы: салтанатты жиын
Мерзімі:1 қазан, 2025 жыл
Орны: 5 мектеп-лицей акт залы
Қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Куанышбек, тәрбие бөлімі.

1 қазан – Қарттар күніне орай И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде қазыналы қарттарымызға арналып салтанатты жиын өтті.
Жиынды мектеп-лицей директоры Дүйсенбаев Бахытжан Жұмабайұлы ашып, ардақты қарияларға ыстық лебізін білдірді.

Мақсаты:
– Оқушылардың бойына үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету дәстүрін қалыптастыру;
– Қарттардың өмірлік тәжірибесін үлгі ете отырып, жас ұрпақты отансүйгіштікке, мейірімділікке тәрбиелеу;
– Ұрпақтар сабақтастығын нығайту.

Міндеттері:
– Қарттарға қамқор болу – әр ұрпақтың парызы екенін ұғындыру;
– Қариялардың қоғамдағы орнын дәріптеу, өнегелі өмірін үлгі ету;
– Жас буынды ізгілікке, сыйластыққа баулу.


Шара барысында оқушылар жүрекжарды әндерін шырқап, мәнді өлеңдерін оқып, әсем билерін билеп, қарттарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Ардагер ұстаздарымызға сыйлықтар табысталды. Бұл игі іс қазыналы қарттарымыздың көңілін көтеріп, мерекелік шараның мәнін арттыра түсті.


Қарттар – біздің асыл қазынамыз, ұрпаққа үлгі-өнеге, береке-бірліктің бастауы!









ГАРЫМ-АСЫЛ
КАЗЫНАМ!






ГАРЫМ-АСЫЛ
КАЗЫНАМ!



АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Дублер» күні өтті.

Іс-шара атауы: «Дублер» күні
Форматы: тақырыптық іс-шара
Мерзімі:3 қазан, 2025 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 11-сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

Мақсаты:

Оқушыларға ұстаздық мамандықтың жауапкершілігі мен маңызын сезіндіру;
Оқушылардың көшбасшылық, ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту;
Еңбекке баулу және мектеп өміріне белсенді араласуға ынталандыру;
Мұғалім мен оқушы арасындағы өзара құрмет пен түсіністікті арттыру.

Өткізілу барысы:

5 қазан – Ұстаздар күніне орай И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде дәстүрлі «Дублер күні» мерекелік шарасы ұйымдастырылды. Бұл күні мектеп оқушылары мұғалімдер мен мектеп әкімшілігінің орнын басып, өздеріне жүктелген міндеттерді атқарды.

Оқушылар:

Сабақ жүргізіп, өз пәні бойынша түсіндіру жұмыстарын жасады;
Сынып тәртібі мен оқу үдерісін ұйымдастыруға атсалысты;
Мектеп әкімшілігі қызметкерлерінің күнделікті жұмысымен танысып, басқару үдерісіне қатысты;
Жауапкершілік пен тәртіпті сақтау дағдыларын тәжірибе жүзінде көрсетті.
Дублер оқушылар өздерін жаңа қырынан танытып, мектеп өміріне ерекше серпін берді.
Мұғалімдер оқушылардың белсенділігі мен шығармашылығын бағалап, қолдау көрсетті.

Нәтижесі:

Оқушылар ұстаздық еңбектің маңызын, жауапкершілігін және күрделілігін терең түсінді;

Көшбасшылық, ұйымшылдық, шешім қабылдау, көпшілік алдында сөйлеу қабілеттері дамыды;

Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас жақсарып, өзара сыйластық нығайды;

Дублерлердің белсенділігі мектептің жалпы оқу-тәрбие процесіне оң әсерін тигізді;


Оқушылардың өзіне сенімділігі артып, кәсіби бағдар беру бағытындағы қызығушылықтары артты.




ӘДІЛЕТТІ


балалар, оқылық,





АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Ұстаз – ұлы тұлға» атты салтанатты жиын өтті.

Іс-шара атауы: «Ұстаз – ұлы тұлға»
Форматы: салтанатты жиын
Мерзімі:3 қазан, 2025 жыл
Орны: 5 мектеп-лицей акт залы
Қатысушылар: 11-сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде 11-сынып оқушыларының ұйымдастыруымен «ҰСТАЗ – ҰЛЫ ТҰЛҒА» тақырыбында әсерлі кеш өткізілді. Бұл шара – шәкірттердің ұстаздарға деген алғысы мен құрметінің шынайы көрінісі болды.

Мақсаты:

– Ұстаз еңбегінің қадір-қасиетін дәріптеу, жас ұрпақ бойында мұғалім мамандығына деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру;

– Оқушылардың рухани дүниесін байытып, ұстаз еңбегінің қоғамдағы маңызын ұғындыру.

Міндеттері:

– Ұстазға деген ризашылық сезімін арттыру, алғыс айту мәдениетін қалыптастыру;

– Шәкірттерді шығармашылыққа, өнер арқылы ойды жеткізуге баулу;

– Мектеп ұжымындағы ұстаздар қауымының мерейін өсіру, рухани ынтымақтастық орнату.

Кеш барысында оқушылар ұстазға деген риясыз ризашылықтарын әнмен де, жырмен де, сырлы сөзбен де жеткізе білді.

Мұғалімнің мәңгілік миссиясы – адам тәрбиелеу екендігіне тоқталып, оның шәкірт жүрегінде қалдырған ізі мен қоғамдағы рөлі айрықша атап өтілді.

«Ұстаз — болашаққа жол сілтейтін шамшырақ» десек, бұл шара сол шамшырақтың жарығын сөндірмей, оны одан әрі жарқыратуға бағытталған рухани құрметтің жарқын көрінісі болды.

Ұстазға тағзым – білімге тағзым, тәрбиеге тағзым.** Ал бұл тағзым – болашаққа деген зор үміт пен биік сенімнің нышаны.


ҰСТАЗЫМ


Ұстаздар күні


Ұстаздар күні





АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Даналық ұстаздан» челленджі өтті.


Іс-шара атауы: «Даналық ұстаздан»
Форматы: челлендж
Мерзімі:4 қазан, 2025 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек


Мақсаты:
ҚР Оқу-ағарту министрлігі жариялаған «Даналық ұстаздан» челленджіне қолдау білдіру;
Педагогтерге құрмет пен алғыс сезімін оқушылар бойында қалыптастыру;
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту;
Ұстаз еңбегінің мәні мен маңызын ұғындыру, өнер арқылы тәрбиелік ықпал ету.

Өткізілу барысы:
5 қазан – Ұстаздар күніне орай ҚР Оқу-ағарту министрлігі жариялаған «Даналық ұстаздан» челленджіне И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің оқушылары белсенді түрде қатысты.

Челлендж аясында:
Оқушылар мұғалімдерге деген құрмет пен алғыс сезімін білдіру мақсатында топ құрып, дайындалды;
«Ұстазым» әні орындап, оны бейнетаспаға түсіріп, челлендж талаптарына сай жариялады;
Ән арқылы ұстаздарға арналған ілтипат, мейірім мен алғыс сөздер көрініс тапты.
Шараға оқушылар да, ұстаздар да үлкен қызығушылықпен қатысты. Мектеп ұжымы челленджді тәрбиелік мәнін жоғары бағалады.

Нәтижесі:
Оқушылар ұстаз еңбегін қадірлеу мен алғыс білдіру мәдениетін меңгерді;
Ән орындау арқылы өнерге деген қызығушылықтары артып, шығармашылық белсенділіктері көтерілді;
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясындағы рухани-адамгершілік құндылықтар тиімді насихатталды;
Мектеп оқушылары республикалық деңгейдегі бастамаға үлес қосып, әлеуметтік жауапкершілік танытты;
Ұжымда жағымды көңіл күй қалыптасып, ұстаздар қауымының мерейі арта түсті.





АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Ұшқыр ой алаңы» дебат өтті.

Іс-шара атауы: «Ата-ананың баласына мамандық таңдауы ақталады»
Форматы: дебат
Мерзімі:7 қазан, 2025 жыл
Орны: 5 мектеп-лицей акт залы
Қатысушылар: 8-9 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

Мақсаты:

Оқушылардың мамандық таңдаудағы жеке көзқарасын қалыптастыру;
Болашаққа жауапкершілікпен қарауға, саналы шешім қабылдауға баулу;
Кәсіби бағдар беру арқылы оқушылардың қызығушылығы мен қабілеттерін айқындауға көмектесу.

Өткізілу барысы:
И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Панфилов жастары» дебат клубының ұйымдастыруымен 8–9 сынып оқушылары арасында республикалық пікірсайыс турнирінің мектепішілік кезеңі өтті. Іс-шара «Б.П.: Ата-ананың баласына мамандық таңдауы ақталады» тақырыбы негізінде өрбіді.

Пікірсайысқа «Жастар» және «Ата-баба аманаты» фракциялары қатысып:
Өз позицияларын нақты дәлелдермен қорғады;
Тақырыпқа байланысты мысалдар, фактілер, статистикалық мәліметтер келтірді;
Талдау, ой қорыту, шешендік және пікірталас мәдениетін көрсетті;
Мамандық таңдаудың қоғамдағы өзекті мәселелерін талқылады.
Әділқазылар әр фракцияның аргументін тыңдап, нәтиже бойынша «Ата-баба аманаты» фракциясын жеңімпаз деп таныды.

Нәтижесі:
Оқушылар мамандық таңдауға қатысты өз ойларын жүйелі жеткізіп, жеке көзқарастарын қалыптастырды;

Сыни ойлау, талдау, зерттеу және шешендік дағдылары артты;

Пікірталас мәдениеті нығайып, өзгенің пікірімен санасу, өзара сыйластық сақтау қабілеттері дамыды;

Оқушылардың кәсіби бағдарлануына, қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтауға оң ықпал етті;

Турнир жасөспірімдердің көшбасшылық қасиеті мен белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Мектеп Парламент Президенті сайлауы» өтті.

Іс-шара атауы: «Мектеп Парламент Президенті сайлауы»
Форматы: сайлау
Мерзімі:16 қазан, 2025 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі акт залы
Қатысушылар: 8-10 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

Мақсаты:

Оқушылардың өзін-өзі басқару дағдыларын дамыту;
Жасөспірімдердің көшбасшылық, жауапкершілік және ұйымдастырушылық қабілеттерін шыңдау;
Мектептегі демократиялық мәдениетті қалыптастыру және азаматтық белсенділікті арттыру;
Оқушылардың мектеп өміріне белсенді қатысуына мүмкіндік беру.

Өткізілу барысы:

16 қазан 2025 жылы И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде Мектеп Парламенті Президентін сайлау жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында:

8–10 сыныптардан 7 үміткер қатысып, өздерінің сайлауалды бағдарламаларын таныстырды;

Әр үміткер оқу орнын дамытуға бағытталған тың идеялар, жобалар мен бастамаларын презентация арқылы ұсынды;

Сайлауға мектеп әкімшілігі, ұстаздар және 8–11 сынып оқушылары белсенді қатысып, өз дауыстарын берді;

Сайлау үдерісі ашық, әділ және демократиялық талаптарға сай жүргізілді.

Бұл сайлау оқушылардың саяси мәдениетін арттырып, мектеп қауымдастығының ұйымшылдығын көрсетті.

Нәтижесі:


Мектеп Президенті болып 9 «Б» сынып оқушысы Мирамбекова Жания сайланды;


Жаңа Президент пен министрлер құрамына мектеп қауымдастығы сенім білдірді;


Оқушылардың азаматтық жауапкершілігі, бастама көтеру мүмкіндігі және қоғамға пайдалы болуға деген ынтасы артты;

Өзін-өзі басқару жүйесі жанданып, мектеп өміріне жаңа ойлар мен идеялар енгізуге жол ашылды;


Сайлау оқушыларды ұйымшылдыққа, белсенділікке, жеке позициясын білдіруге тәрбиеледі.














Мен үшін жақсы мұғалім
бәрінен де артық,
өйткені мұғалім – мектептің жүрегі.
Ыбырай Алтынсарин







АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Алтын күз – береке мен молшылық мерекесі» атты күзгі көрме өтті.

Іс-шара атауы: «Алтын күз – береке мен молшылық мерекесі»
Форматы: күзгі көрме
Мерзімі:16 қазан, 2025 жыл
Орны: 5 мектеп-лицей
Қатысушылар: 1-4 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек.

Мақсаты:

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;

Табиғат байлығын қадірлеуге, еңбексүйгіштікке және ұқыптылыққа тәрбиелеу;

Ата-аналар мен балалардың бірлескен еңбегін қолдау және ынталандыру;

Мектептегі мерекелік және эстетикалық мәдениетті нығайту.

Өткізілу барысы:

16 қазан күні И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде бастауыш сынып оқушылары арасында дәстүрлі «Алтын күз – береке мен молшылық мерекесі» көрмесі өткізілді.

Іс-шара барысында:

1–4 сынып оқушылары мен ата-аналары күздің жемісі мен табиғи материалдарды пайдалана отырып, әсем композициялар мен қолөнер бұйымдарын жасады;

Әрбір жұмыс ерекше сәнде безендіріліп, балалардың қиялы мен еңбегі, ата-аналардың қолдауы мен қамқорлығы көрініс тапты;

Ұсынылған бұйымдар ұлттық нақышқа бай, креативті және көрермендер үшін эстетикалық жағынан қызықты болды;

Көрме барысында оқушылар өз жұмыстарын таныстырып, шығармашылық идеяларын бөлісті.

Нәтижесі:

Оқушылардың шығармашылық белсенділігі артты;

Табиғат материалдарын пайдалана отырып, еңбектің нәтижесін бағалай білу дағдылары дамыды;

Ата-аналар мен балалардың бірлескен еңбегінің маңыздылығы көрсетілді;

Шығармашылыққа шабыт беріп, мерекелік көңіл-күй қалыптасты;

Мектептің эстетикалық мәдениеті мен мерекелік дәстүрі нығайды.





АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында күзгі асар жәрмеңкесі өтті.

Іс-шара атауы: «Еңбегі адал – жас өрен»
Форматы: күзгі асар жәрмеңкесі
Мерзімі:20-21 қазан, 2025 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар:5-7 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Куанышбек

Мақсаты:

Оқушыларды еңбексүйгіштікке, адалдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу;
Өз қолымен еңбек етіп, оның нәтижесіне қуана білуге үйрету;
Оқушылардың еңбек мәдениетін қалыптастыру және пайдалы істерге ынталандыру.

Өткізілу барысы:

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында «Күзгі асар жәрмеңкесі» өткізілді. Іс-шараға оқушылар, ата-аналар және мұғалімдер белсенді түрде қатысты.

Жәрмеңке аясында:

Оқушылар мен ата-аналар өз қолдарымен дайындалған тағамдар, тәттілер, сусындар және түрлі қолөнер бұйымдарын ұсынды;
Әр сынып өзіндік ерекше безендіру, ұсыныс жасау және ұйымдастыру шеберліктерін көрсетті;
Сатылымнан түскен қаржының қайда жұмсалатыны туралы алдын ала түсіндіру жұмыстары жүргізілді;
Оқушылар бір-бірімен қарым-қатынас жасап, еңбек пен бірліктің маңызын тәжірибеде сезінді.
Іс-шара достық, ұйымшылдық және еңбек нәтижесін бағалай білу атмосферасында өтті.

Нәтижесі:

Оқушылардың шығармашылық белсенділігі артып, өз қолымен жасаған еңбектің қадірін түсінді;
Еңбекке, кәсіпкерлікке, жауапкершілікке деген қызығушылықтары мен дағдылары дамыды;
Мектеп пен ата-аналар қауымдастығы арасындағы байланыс нығайып, ортақ іс жасау мәдениеті қалыптасты;
Оқушылар қоғамға пайдалы іс-шараларға қатысу арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерін жетілдірді;

«Еңбегі адал – жас өрен» жобасының мектептегі тәрбиелік маңызы терең түсті.




МЕКТЕП-АНЦЕЙ
ТОПҚҰЖАТЫ











АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Республикам менің – мақтанышым, мерейім!» тақырыбында салтанатты жиын өтті.

Іс-шара атауы: «Республикам менің – мақтанышым, мерейім!»
Форматы: салтанатты жиын
Мерзімі: 23 қазан, 2025 жыл
Орны: 5 мектеп-лицей
Қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

Мақсаты:

Республика күнінің тарихи маңызын оқушыларға терең түсіндіру;

Оқушыларды отансүйгіштікке, ұлттық бірлік пен татулықты құрметтеуге тәрбиелеу;

Қазақстанның егемендікке бастау болған тарихи құжаттармен таныстыру;

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, елге деген мақтаныш сезімін арттыру.

Өткізілу барысы:

25 қазан – Республика күніне орай И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Республикам менің – мақтанышым, мерейім!» тақырыбында мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында:

Мектеп директоры Дуйсенбаев Бахытжан Жұмабайұлы құттықтау сөз сөйлеп, егемен елдің болашағы – білімді, отансүйгіш жас ұрпақ екенін атап өтті;

Оқушылар 1990 жылғы «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның» тарихи маңызын баяндап, Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы қадамдарына шолу жасады;

Мерекелік концертте жүрек тебірентер өлеңдер оқылып, патриоттық әндер шырқалды;

Еліміздің тыныштығы мен татулығын дәріптейтін көріністер қойылып, ұлттық билер орындалды;

Көрермендер үшін ұйымдастырылған сұрақ-жауап ойыны мерекенің мазмұнын байытып, білім мен белсенділікті арттырды.

Іс-шара жоғары деңгейде өткізіліп, барлық қатысушыларға ерекше рухани әсер сыйлады.

Нәтижесі:

Оқушылар Республика күні туралы тарихи білімдерін тереңдетті;

Ел тарихына, егемендік және тәуелсіздік құндылықтарына деген құрметі артты;


Шығармашылық қабілеттері мен өнерпаздық талпыныстары дамыды;


Мектепте патриоттық тәрбие беру жұмыстары жанданып, ұлттық бірлік идеясы нығайды;

Қатысушылар мерекелік рухты сезініп, көтеріңкі көңіл-күйге бөленді.









Әрбір ержүрек, шыншыл
адам Отанына абыр
әкеледі

День
Республики Казахстан
25 октября
Мы Казахстан


25

АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Жас Ұлан» ұйымына қабылдау салтанатты жиыны өтті.

Іс-шара атауы: «Жас Ұлан» ұйымына қабылдау
Форматы: қабылдау рәсімі
Мерзімі:24 қазан, 2025 жыл
Орны: 5 мектеп-лицей акт залы
Қатысушылар: 5-сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

Мақсаты:

Оқушыларды патриоттыққа, елжандылыққа тәрбиелеу;

Республикалық «Жас Ұлан» ұйымының идеалдары мен құндылықтарын насихаттау;

Оқушылардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуын, жауапкершілігін және ұйымшылдығын арттыру;

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «ДосболLIKE» акциясы өткізілді.

Іс-шара атауы: «ДосболLIKE» буллингке қарсымыз акциясы.
Форматы: акция
Мерзімі: 28 қаңтар, 2026 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде 1–11 сынып оқушыларының қатысуымен «ДосболLIKE» акциясы ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өткізілді.

Акцияның мақсаты:
Оқушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту, өзара сыйластық пен қолдауды қалыптастыру, жағымды әрі қауіпсіз мектеп ортасын дамыту, буллинг пен агрессияның алдын алу.

Міндеттері:
– Оқушыларды бір-біріне құрметпен қарауға тәрбиелеу;
– Мейірімділік, татулық және ынтымақтастық құндылықтарын насихаттау;
– Оқушылар арасындағы психологиялық ахуалды жақсарту;
– Буллингтің алдын алу бағытында түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
– Мектеп өміріне оқушылардың белсенді қатысуын арттыру.

Акцияның барысы:
Іс-шара барысында оқушылар бір-біріне жылы лебіздерін білдіріп, достықтың, бірліктің және татулықтың маңыздылығын түсінді. Әртүрлі тәрбиелік бағыттағы тапсырмалар мен акция элементтері ұйымдастырылып, оқушылар белсенділік танытты. Акция көтеріңкі көңіл-күйде өтіп, қатысушыларға жағымды әсер қалдырды.

Қорытынды:
«ДосболLIKE» акциясы оқушылар арасында жағымды қарым-қатынас орнатуға, мейірімділік пен түсіністікті арттыруға зор үлес қосты. Аталған іс-шара буллингтің алдын алуға бағытталған тиімді тәрбиелік жұмыс ретінде өз мақсатына жетті.

«ДосболLIKE» – бұл мейірімділікке, түсіністікке және шынайы достыққа бастайтын маңызды қадам.


ДОСБОЛ
Like
Instagram
TikTok
WhatsApp
facebook
You Tube


ДОСБОЛ
Like
Instagram
TikTok
WhatsApp
facebook
You Tube

АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Көңілді үзіліс» ойындары өткізілді.

Іс-шара атауы: Көңілді үзіліс
Форматы: ойын
Мерзімі: 30 қаңтар, 2026 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

«Көңілді үзіліс – көтеріңкі көңіл күй!»
Мектебімізде 6-сынып оқушыларының қатысуымен қоңырау уақытында «Көңілді үзіліс» іс-шарасы ұйымдастырылды. Оқушылар сергіту жаттығуларын жасап, түрлі қызықты ойындарға қатысып, көтеріңкі көңіл күй сыйлайтын белсенді әрекеттер атқарды. Шара барысында оқушылар бір-бірімен еркін араласып, жағымды эмоция алып, сабаққа деген ынтасын арттырды.

Мақсаты:
Оқушылардың психологиялық және физикалық денсаулығын нығайту, үзіліс уақытын тиімді ұйымдастыру арқылы жағымды көңіл күй қалыптастыру.

Міндеттері:
– Оқушылардың белсенділігін арттыру;
– Сыныпта достық қарым-қатынасты нығайту;
– Сергіту сәттері арқылы шаршаудың алдын алу;
– Сабаққа деген қызығушылықты көтеру;
– Ұжымдық бірлікті қалыптастыру.
Көңілді үзіліс – оқушы денсаулығы мен көтеріңкі көңіл күйінің кепілі!


Көңілді үзілістегі
Көңілді үзіліс – көтеріңкі көңіл... ещё


Көңілді үзілістегі

АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Шын жүректен кітап сыйла!» атты челленджі өткізілді.

Іс-шара атауы: «Шын жүректен кітап сыйла!» атты челленджі
Форматы: челлендж
Мерзімі: 5-14 ақпан, 2026 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

«Балалар кітапханасы» жобасын жүзеге асыру мақсатында мектепте «Шын жүректен кітап сыйла!» атты челлендж ұйымдастырылып, өткізілді.

Челлендждің мақсаты:

- Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру;
- Рухани-адамгершілік құндылықтарды насихаттау;
- Кітапты қастерлеу және кітап сыйлау мәдениетін қалыптастыру;
- Мектеп кітапханасының кітап қорын толықтыру;
- Оқушыларды білімге, ізденіске және шығармашылыққа баулу.


Челлендж барысында оқушылар белсенділік танытып, өздерінің сүйікті және танымдық маңызы жоғары кітаптарын мектеп кітапханасына сыйға тартты. Акцияға әр сынып оқушылары қатысып, көптеген көркем әдебиет, ертегілер, энциклопедиялар, балаларға арналған танымдық және тәрбиелік мәні бар кітаптар жиналды.

Іс-шара нәтижесінде мектеп кітапханасының қоры едәуір толықтырылып, жас оқырмандар үшін жаңа мүмкіндіктер ашылды. Сонымен қатар, оқушылар арасында кітап сыйлау мәдениеті қалыптасып, мейірімділік пен жанашырлық қасиеттері дәріптелді.

Челлендж жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өз мақсатына жетті. Алдағы уақытта да осындай рухани-мәдени бағыттағы шараларды жалғастыру жоспарлануда.






14 - ақпан - Халықаралық кітап
сыйлау күні


14 ақпан- Халықаралық кітап
сыйлау күні!
5 "а" сыныбы

АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде

«Абай оқулары» атты мәнерлеп оқу байқауы өткізілді.

Іс-шара атауы: «Абай оқулары» атты мәнерлеп оқу байқауы
Форматы: байқау
Мерзімі: 11 ақпан, 2026 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 5-7 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде 2026 жылғы 11 ақпанда «Абай оқулары» атты мәнерлеп оқу байқауы жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру, сөз мәдениетін қалыптастыру, мәнерлеп оқу дағдыларын жетілдіру, сондай-ақ қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы шығармаларын насихаттау болып табылады.

Байқау барысында қатысушылар ақынның өлеңдері мен қара сөздерін жатқа, мәнерлеп оқып, өздерінің шығармашылық қабілеттерін, сахна мәдениетін және тіл байлығын көрсетті. Қатысушылардың өнерін әділқазылар алқасы бағалап, олардың дауыс мәнері, мәтінді түсінуі, сахнада өзін ұстауы және көркемдік деңгейі ескерілді.

Іс-шара бірнеше кезеңнен тұрды. Әрбір кезеңде оқушылар өз шеберліктерін әртүрлі қырынан танытып, тыңдаушыларға ерекше әсер сыйлады. Байқауға қатысқан оқушылар белсенділік танытып, қазақ әдебиетіне деген құрметтерін көрсетті. Сонымен қатар, іс-шара барысында оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінді.

Іс-шара соңында үздік деп танылған қатысушылар марапатталып, алғыс хаттармен және дипломдармен наградталды. Бұл байқау оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдауға, олардың өзіне деген сенімін арттыруға және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге үлкен үлес қосты.





АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде ашық микрофон «Егер мен бір күн мектеп директоры болсам?» сауалнамасы өткізілді.

Іс-шара атауы: Ашық микрофон.«Егер мен бір күн мектеп директоры болсам?»
Форматы: ашық микрофон, сауалнама
Мерзімі: 13 ақпан, 2026 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 8-11 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Ашық микрофон: «Егер мен бір күн мектеп директоры болсам?» тақырыбында іс-шара өткізілгенін растайды.

Аталған іс-шараның мақсаты – оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамыту, өз ойларын еркін әрі сауатты жеткізе білуге үйрету, мектеп өміріне қатысты ұсыныстарын тыңдау және білім беру үдерісіне оқушылардың көзқарасын анықтау болып табылады. Сонымен қатар, оқушыларды жауапкершілікке, белсенділікке және сыни тұрғыдан ойлауға баулу көзделді.

Іс-шара барысында қатысушылар «ашық микрофон» форматы арқылы өз пікірлерін ортаға салып, егер мектеп директоры болған жағдайда қандай өзгерістер енгізер еді, қандай жаңашыл идеялар ұсынар еді деген сұрақтарға жауап берді. Оқушылар мектептің ішкі тәртібі, білім сапасы, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, мектептің материалдық-техникалық базасы туралы өз ойларын ашық білдірді.

Шара өте белсенді өтті. Қатысушылар өз ұсыныстарын нақты дәлелдермен жеткізіп, шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін көрсетті. Кейбір оқушылар мектеп өмірін жақсартуға бағытталған тың идеялар ұсынып, білім беру үдерісін жетілдіру жолдарын көрсетті.

Іс-шара барысында оқушылардың пікірлері тыңдалып, тиімді ұсыныстар назарға алынды. Мұндай форматтағы шаралар оқушылардың өзін-өзі басқару дағдыларын қалыптастыруға, олардың мектеп өміріне белсенді араласуына ықпал ететіні байқалды.


Тәрбиелеу дегеніміз - ада
білімге негізделген этикал
өнер құатын дарыту.
Әбу Н


елеу дегеніміз - адамның б
е негізделген этикалық құнғ
уатын дар
Насыр Әл


Тәрбиелеу дегеніміз - адамны
білімге негіз этикалық қ
өнер қуат ту.
Әбу Насыр


Тәрбиелеу дегеніміз - адамны
білімге негізделген этикалық
өнер құатын дарыту.
Әбу Насы

АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Алғыс – ізгі ниет» атты таңғы кездесу өткізілді.

Іс-шара атауы: 1 наурыз – Алғыс айту күні
«Алғыс – ізгі ниет» атты таңғы кездесу
Форматы: таңғы кездесу
Мерзімі: 2 наурыз, 2026 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 4 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей мектебінде 4-сынып оқушыларының ұйымдастыруымен Алғыс айту күніне арналған «Алғыс – ізгі ниет» тақырыбында мерекелік іс-шара жоғары деңгейде өткізілді.

Іс-шараның басты мақсаты – оқушыларға алғыс айтудың мәні мен маңызын түсіндіру, ризашылық сезімін қалыптастыру, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелеу болды. Сонымен қатар, оқушылардың бойындағы адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық сияқты асыл қасиеттерді дамыту көзделді.

Мерекелік бағдарлама барысында оқушылар жүрекжарды алғыстарын білдіріп, ән шырқап, тақпақтар оқыды. Сондай-ақ, өмірдегі сыйластық пен достықты насихаттайтын тәрбиелік мәні зор көріністер қойылып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Әрбір өнер нөмірі балалардың шынайы сезімі мен шығармашылық қабілеттерін таныта білді.

Шара барысында ұстаздарға, ата-аналарға, достарға және Отанға деген алғыс сөздер айтылып, оқушылар ризашылықтың адам өміріндегі ерекше құндылық екенін ұғынды. Іс-шара оқушыларды бір-біріне қамқор болуға, айналасына мейірім сыйлауға және жақсы қарым-қатынас орнатуға тәрбиеледі.

Мұндай тағылымды шаралар жас ұрпақтың бойында достық пен сыйластықты нығайтып, рухани-адамгершілік құндылықтарды дәріптеуге үлкен ықпал етеді.

Алғыс айту – адамгершіліктің белгісі. Бір ауыз жылы сөз жүрекке қуаныш сыйлап, адамдар арасындағы сыйластықты арттырады.
Баршаңызды жақсылық жасап, ізгі ниет танытуға шақырамыз!

АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Ананың аялы алақаны» атты челленджі өткізілді.

Іс-шара атауы: «Ананың аялы алақаны» атты челленджі
Форматы: челлендж
Мерзімі: 6 наурыз, 2026 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

Панфилов мектеп парламенті «Ананың аялы алақаны» челленджін жолдайды 🌸

🌷 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында Панфилов мектеп парламенті барша аналарымызға, аяулы әжелерімізге, апа-әпкелерімізге деген шексіз құрмет пен ыстық ықыласын білдіре отырып, «Ананың аялы алақаны» атты челленджді бастайды.


Ана – өмірдің шуағы, отбасының берекесі, мейірім мен махаббаттың қайнар көзі. Ананың аялы алақаны әр баланың жүрегіне жылу сыйлап, өмірге деген сенім мен күш береді. Ана мейірімі – ешнәрсемен өлшенбейтін ең асыл құндылық.

Осы челлендж арқылы біз аналарымызға деген сүйіспеншілігімізді, ризашылығымызды білдіріп, олардың өлшеусіз еңбегі мен ақ махаббатына алғыс айтуды мақсат етеміз.


📸 Челлендж шарты:
— Анаңызбен түскен сурет немесе бейнежазба жариялау;
— Жылы лебіз, жүрекжарды тілек арнау;
— «Ананың аялы алақаны» хэштегін белгілеу.

✨Баршаңызды челленджді қолдап, аналарымызға қуаныш сыйлауға шақырамыз! Анаға құрмет – адамгершіліктің асыл белгісі.

#АнаныңАялыАлақаны #8Наурыз #ПанфиловМектепПарламенті


13
2


13
2


13
2


13

АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Ұлттық мәдениет» көрмесі өткізілді.

Іс-шара атауы: «Ұлттық мәдениет» көрмесі
Форматы:көрме
Мерзімі: 10 наурыз, 2026 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей мектебінде Наурыз мерекесі аясында ұлттық рухты дәріптеуге бағытталған ерекше іс-шаралар ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өткізілді.

3-сынып оқушылары арасында «Ұлттық мәдениет көрмесі» өткізіліп, онда оқушылар қазақ халқының салт-дәстүрлерін, ұлттық қолөнер бұйымдарын, ұлттық тағамдарын таныстырып, өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсетті. Көрме барысында оқушылар ұлттық киім үлгілерін насихаттап, халқымыздың бай мәдени мұрасы туралы мағлұмат берді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды дәріптеу, мәдени мұраны құрметтеуге баулу, өнерге деген қызығушылықтарын арттыру және оқушылардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру болды. Сонымен қатар, балалардың танымдық қабілеттерін дамытып, ұлттық дәстүрге деген сүйіспеншілігін арттыру көзделді.

Мерекелік шара барысында оқушылар ұлттық өнер мен мәдениеттің маңызын терең түсініп, бір-бірімен тәжірибе алмасып, ұйымшылдық пен достықтың үлгісін көрсетті. Осындай тәрбиелік мәні зор шаралар арқылы ұлттық рухымыз жаңғырып, ата-баба мұрасын қастерлейтін саналы ұрпақ тәрбиеленері сөзсіз.

Наурыз – береке мен бірліктің, жаңару мен татулықтың мерекесі. Ұлттық құндылықтарды ұлықтау – әрбір жас ұрпақтың парызы.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗ

АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Наурыз – жыл басы, саяси кезең бастауы» тақырыбында дебат өткізілді.

Іс-шара атауы: «Наурыз – жыл басы, саяси кезең бастауы»
Форматы: дебат
Мерзімі: 11 наурыз, 2026 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей мектебінде Наурыз мерекесіне орай «Наурыз – жыл басы, саяси кезең бастауы» тақырыбында танымдық іс-шара өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушыларға Наурыз мерекесінің тарихи және рухани маңызын түсіндіру, қазақ халқының салт-дәстүрін дәріптеу, ұлттық құндылықтарды насихаттау және жас ұрпақтың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру болды. Сонымен қатар, Наурыздың тек көктем мерекесі ғана емес, ел бірлігі мен жаңарудың, татулық пен игіліктің бастауы екендігі кеңінен түсіндірілді.

Шара барысында оқушылар Наурыз мейрамының шығу тарихы туралы мәліметтер айтып, қазақ халқының ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын таныстырды. Оқушылар тақырыпқа сай өлеңдер оқып, ән айтып, ұлттық ойындар ұйымдастырды. Сондай-ақ, халқымыздың бірлікке, ынтымаққа үндейтін тағылымды көріністері қойылып, көрермендерге ерекше әсер сыйлады.

Іс-шара барысында Наурыз мерекесінің қоғамдағы татулық пен келісімді нығайтудағы орны ерекше екені айтылып, ұлттық мәдениетті құрметтеу – әрбір азаматтың міндеті екендігі насихатталды.

Осындай мазмұнды шаралар арқылы оқушылар ұлттық мұраға деген құрметін арттырып, ел тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылығын нығайтты.

Наурыз – жаңару мен жасампаздықтың, береке мен бірліктің мерекесі. Ұлттық құндылықтарды ұлықтау – болашақ ұрпақтың жарқын келешегінің кепілі.

АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Күй күмбірі» Наурыз мерекесі аясында күйлер орындау өткізілді.

Іс-шара атауы: «Күй күмбірі» Наурыз мерекесі аясында күйлер орындау
Форматы: күйлер орындау
Мерзімі: 13 наурыз, 2026 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей мектебінде Наурыз мерекесі аясында «Күй күмбірі» атты ұлттық өнерге арналған музыкалық іс-шара өткізілді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушыларға қазақтың күй өнерін насихаттау, ұлттық мәдениетке деген құрметті арттыру, жас ұрпақтың бойына өнер мен рухани құндылықтарды сіңіру болды. Сонымен қатар, халқымыздың дәстүрлі музыка өнерін дәріптеу арқылы оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыру көзделді.

Шара барысында оқушылар қазақтың ұлттық аспабы – домбырада халық күйлерін орындап, көрермендерге ерекше әсер сыйлады. Күй орындаушылар Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет сынды күйші-композиторлардың шығармаларын орындап, қазақ халқының бай музыкалық мұрасын таныстырды. Күй әуені арқылы халқымыздың тарихы, рухы мен болмысы кеңінен насихатталды.

Мерекелік кеште оқушылар ұлттық өнердің құдіретін сезініп, күй арқылы ұлттық рух пен мәдениеттің маңызын терең түсінді. Сонымен қатар, өнерлі оқушылардың шығармашылық қабілеттері шыңдалып, сахна мәдениеті қалыптасты.

Осындай тәрбиелік мәні зор шаралар оқушылардың ұлттық өнерге деген қызығушылығын арттырып, рухани-мәдени құндылықтарды қастерлеуге тәрбиелейді.

Күй – қазақ халқының рухани қазынасы, ұлттық болмысының айнасы. Ұлттық өнеріміз ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, мәңгі жасай бермек.









АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде 22 Наурыз мерекесіне орай «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» атты ұлттық киімдер байқауы өткізілді.

Іс-шара атауы: 22 Наурыз мерекесіне орай «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» атты ұлттық киімдер байқауы
Форматы: байқау
Мерзімі: 16 наурыз, 2026 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей мектебінде 22 Наурыз мерекесіне орай «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» атты ұлттық киімдер байқауы өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушыларға қазақ халқының ұлттық киімдерінің ерекшелігін таныстыру, ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрді дәріптеу, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру және ұлттық құндылықтарға деген құрмет сезімін арттыру болды.

Байқау барысында оқушылар қазақтың ұлттық киімдерін сән үлгісінде таныстырып, олардың тарихы мен мағынасына тоқталды. Әсем ою-өрнекпен безендірілген ұлттық киімдер халқымыздың бай мәдени мұрасы мен ұлттық болмысын айқын көрсетті. Қатысушылар камзол, шапан, сәукеле, тақия секілді дәстүрлі киім үлгілерін киіп, көрермендерге ерекше әсер сыйлады.

Сонымен қатар, оқушылар ұлттық киімнің тәрбиелік мәні мен оның ұлт мәдениетін сақтаудағы рөлі туралы мағлұматтар айтып, өнерлерін ортаға салды. Байқау барысында ұлттық нақыштағы әндер шырқалып, мерекелік көңіл-күй сыйланды.

Осындай тағылымды шаралар арқылы жас ұрпақтың ұлттық мұраға деген қызығушылығы артып, ата-баба дәстүрін құрметтеуге тәрбиеленеді. Ұлттық киім – халқымыздың рухани байлығы мен мәдениетінің айнасы.

Наурыз мерекесі құтты болсын! Ұлттық құндылықтарымыз ұлықталып, салт-дәстүріміз мәңгі жасай берсін!







АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Ана тілі аруы - 2026» өткізілді.

Іс-шара атауы: «Ана тілі аруы – 2026»
Форматы: байқау
Мерзімі: 16 наурыз, 2026 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 6-7 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей мектебінде «Сыр лигасы» жобасы аясында 6–7 сынып оқушылары арасында “Ана тілі аруы – 2026” байқауы ұйымдастырылып өткізілді.

Байқау оқушылардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыруға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және қазақ тілінің мәртебесін көтеруге бағытталған маңызды шара болды.

Іс-шараның басты мақсаты – жас ұрпақтың тіл мәдениетін қалыптастыру, дарынды әрі өнерлі қыздарды анықтау, сондай-ақ оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту болды. Сонымен қатар, қатысушылардың сахна мәдениетін жетілдіріп, өз ойын еркін, сауатты әрі әсерлі жеткізе білу дағдыларын шыңдау көзделді.

Байқау барысында қатысушылар өз өнерлерін ортаға салып, ана тіліне арналған өлеңдер оқып, ұлттық салт-дәстүр мен әдептілікке қатысты сұрақтарға жауап берді. Сонымен бірге, қыздардың тапқырлығы, шешендігі, көркем сөйлеуі мен шығармашылық қабілеттері сараланды. Әр кезеңде қатысушылар ұлттық құндылықтарды дәріптеп, қазақ қызына тән инабаттылық пен көрегендіктің үлгісін көрсетті.

Шара барысында көрермендер оқушылардың өнеріне қолдау білдіріп, ерекше әсер алды. Байқау қатысушылардың өзіне деген сенімін арттырып, тілге деген құрметін нығайтуға ықпал етті.

Осындай тәрбиелік мәні зор іс-шаралар арқылы оқушылардың ана тіліне деген құрметі артып, ұлттық рухы нығая түседі. Ана тілі – ұлттың жаны, рухани қазынасы. Оны құрметтеу – әр азаматтың қасиетті борышы.












Ана тілі аруы -


Ана тілі ар



АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Қанатты достар» акциясы өткізілді.


Іс-шара атауы: «Қанатты достар» акциясы
Форматы: челлендж
Мерзімі: 1-3 сәуір, 2026 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 1-4 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей мекемесінде «Қанатты достар» акциясы аясында оқушылар арасында сурет салу байқауы өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың табиғатқа, құстар әлеміне деген сүйіспеншілігін арттыру, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Байқауға мектеп-лицейдің түрлі сынып оқушылары белсене қатысып, құстардың тіршілігі, табиғат әсемдігі және қоршаған ортаны қорғау тақырыптарында өз туындыларын ұсынды. Оқушылар суреттері арқылы табиғатқа қамқорлық жасау, құстарды қорғау және экологиялық мәдениетті насихаттау идеяларын бейнеледі.

Іс-шара барысында қатысушылардың шығармашылық жұмыстары көрмеге қойылып, үздік жұмыстар арнайы марапатталды. Байқау оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастырып, табиғатқа деген жанашырлық сезімдерін арттыруға ықпал етті.

Мектеп әкімшілігі мен ұйымдастырушылар барлық қатысушыларға белсенділік танытқандары үшін алғыс білдіріп, шығармашылық табыс тіледі.



АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Ғарыш – келешектің кемелді жолы» 12 сәуір – Дүниежүзілік ғарышкерлер күніне орай дебат өткізілді.

Іс-шара атауы: «Ғарыш – келешектің кемелді жолы»
Форматы: дебат
Мерзімі: 10 сәуір, 2026 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 8-9 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

2026 жылдың сәуір айында И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі базасында 12 сәуір – Дүниежүзілік ғарышкерлер күніне орай «Ғарыш – келешектің кемелді жолы» тақырыбында дебат өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушылардың ғарыш саласына деген қызығушылығын арттыру, сыни ойлау қабілеттерін дамыту, өз пікірлерін дәлелді түрде жеткізе білуге және көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

Дебат барысында қатысушылар ғарышты игерудің адамзат болашағындағы рөлі, ғылыми-техникалық прогрестің дамуына әсері, ғарыштық зерттеулердің маңызы туралы өз көзқарастарын білдіріп, дәлелдер келтірді. Пікірталас жоғары деңгейде өтіп, оқушылар белсенділік танытты.

Іс-шара соңында қатысушылардың білім деңгейі мен шешендік қабілеттері жоғары бағаланып, дебат өз мақсатына жетті.



АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» күні өткізілді.

Іс-шара атауы: «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» күні
Форматы: таңғы кездесу
Мерзімі: 15 сәуір, 2026 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 8-9 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі білім алушыларының қатысуымен «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» күніне арналған тәрбиелік іс-шара өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушыларға ұлттық құндылықтарды дәріптеу, халқымыздың мәдени мұрасын таныту, адалдық, сыйластық, сүйіспеншілік және адамгершілік қасиеттерді насихаттау болды.


Шара барысында оқушыларға қазақ халқының әйгілі ғашықтық жыры – Қозы Көрпеш – Баян Сұлу туралы мағлұматтар беріліп, шығарманың тәрбиелік мәні түсіндірілді. Қатысушылар Қозы мен Баянның кіршіксіз махаббаты, адалдығы мен бір-біріне деген шынайы сезімдері туралы ой бөлісті. Сонымен қатар, ұлттық әдебиетіміздегі ғашықтық жырлардың маңызы мен жастар тәрбиесіндегі рөлі жөнінде пікір алмасу ұйымдастырылды.

Іс-шара аясында оқушылар махаббат пен достық, өзара құрмет пен жауапкершілік тақырыптарында түрлі тапсырмалар орындап, сұрақ-жауап кезеңіне белсенді қатысты. Сонымен қатар, сүйіспеншілік пен адамгершілік құндылықтарын дәріптейтін өлеңдер оқылып, нақыл сөздер мен даналық ойлар айтылды. Қатысушылар адам өміріндегі шынайы қарым-қатынас пен рухани құндылықтардың маңызы туралы өз пікірлерін ортаға салды.

Шара барысында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар ұйымдастырылып, олар ұлттық мұраға деген қызығушылықтарын көрсетті. Іс-шара жылы әрі әсерлі атмосферада өтіп, қатысушылардың көңілінен шықты.

Қорытындылай келе, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» күніне арналған іс-шара оқушылардың ұлттық әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, олардың бойында адамгершілік, адалдық, сыйластық және рухани құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етті. Қойылған мақсат-міндеттер толық орындалып, іс-шара өз деңгейінде өткізілді.





АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Біз Қазақстан болашағы үшін!» тақырыбында флешмоб өткізілді.

Іс-шара атауы: Біз Қазақстан болашағы үшін!
Форматы: флешмоб
Мерзімі:28 сәуір, 2026 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі білім алушыларының қатысуымен «Біз Қазақстан болашағы үшін!» тақырыбында флешмоб өткізілді.

Аталған іс-шараның мақсаты – оқушылардың бойында отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру, туған елге деген сүйіспеншілікті арттыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және жас ұрпақтың азаматтық жауапкершілігін дамыту болды.

Флешмоб барысында оқушылар Қазақстанның жарқын болашағы, елдің дамуы мен өркендеуіне жастардың қосар үлесі туралы ойларын ортаға салып, патриоттық рухтағы ұрандар мен ұтымды сөздерді бірге орындады. Іс-шараға қатысушылар ұйымшылдық танытып, ортақ мақсат жолында бірліктің маңыздылығын көрсетті.

Флешмоб арнайы музыкалық сүйемелдеумен өткізіліп, оқушылар алдын ала дайындалған қимыл-қозғалыстарды үйлесімді орындады. Іс-шара барысында мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, ел тарихын дәріптеу және Қазақстанның жетістіктерін мақтан тұту идеялары кеңінен насихатталды. Қатысушылар өздерінің белсенді азаматтық ұстанымдарын білдіріп, ел болашағының жарқын болуы білімді, саналы және жауапты жастардың қолында екенін атап өтті.

Іс-шара оқушылардың патриоттық сезімдерін нығайтып, олардың қоғамдық белсенділігін арттыруға ықпал етті. Сонымен қатар, флешмоб қатысушылар арасында ынтымақтастықты, ұйымшылдықты және өзара қолдауды дамытуға мүмкіндік берді.

Қорытындылай келе, «Біз Қазақстан болашағы үшін!» тақырыбындағы флешмоб жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өз мақсатына толық жетті. Іс-шара барысында оқушылар туған елге деген мақтаныш сезімдерін білдіріп, Қазақстанның болашағына жауапкершілікпен қараудың маңыздылығын түсінді



АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні» құттықтау өткізілді.

Іс-шара атауы: «1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні» құттықтау
Форматы: челлендж
Мерзімі: 1 мамыр, 2026 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Куанышбек

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі білім алушылары мен педагогтері арасында «1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні» мерекесіне орай құттықтау іс-шарасы өткізілді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың бойында достық, татулық, өзара сыйластық және бірлік құндылықтарын қалыптастыру, елімізде өмір сүріп жатқан түрлі ұлт өкілдерінің мәдениеті мен салт-дәстүріне құрмет сезімін арттыру, қазақстандық патриотизмді насихаттау болды.

Іс-шара барысында оқушылар мен ұстаздарға мерекелік құттықтаулар жолданып, Қазақстан халқының бірлігі мен ынтымағының маңызы туралы айтылды. Қатысушылар еліміздегі ұлтаралық келісім мен қоғамдық тұрақтылықтың тәуелсіз Қазақстанның басты құндылықтарының бірі екендігіне тоқталып, бейбітшілік пен татулықтың қоғам дамуындағы ерекше рөлін атап өтті.

Мерекелік құттықтау аясында оқушылар бірлік пен достық тақырыбындағы өлеңдер оқып, жылы лебіздері мен ізгі тілектерін білдірді. Сонымен қатар, әртүрлі ұлттардың мәдениеті, дәстүрлері мен ұлттық ерекшеліктері туралы мағлұматтар беріліп, еліміздегі этностар арасындағы достық пен өзара түсіністіктің маңызы насихатталды. Іс-шара қатысушылары Қазақстанды мекендейтін барлық ұлт өкілдеріне мерекелік құттықтауларын арнап, ел бірлігі мен берекесінің нығая беруіне тілектестік білдірді.

Шара барысында оқушылардың мерекеге деген қызығушылығы жоғары болып, олар белсенділік танытты. Құттықтау іс-шарасы көтеріңкі көңіл-күйде өтіп, қатысушыларға мерекелік әсер сыйлады.

Қорытындылай келе, «1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне» арналған құттықтау іс-шарасы өз мақсатына жетіп, оқушылардың бойында достық пен татулықты қадірлеу, түрлі мәдениеттерге құрметпен қарау және ел бірлігін нығайту сияқты маңызды құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етті.


БІРЛІКТІ
ЖАРАСКАН



АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «7 мамыр - Отан қорғаушылар күні» құттықтау, іс-шара өткізілді.

Іс-шара атауы: «7 мамыр - Отан қорғаушылар күні» құттықтау
Форматы: іс-шара
Мерзімі: 5 мамыр, 2026 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Куанышбек

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі білім алушылары мен педагогтері арасында «7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне» арналған құттықтау іс-шарасы өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушылардың бойында отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру, Отан қорғаушыларға деген құрмет сезімін арттыру, әскери қызметтің маңыздылығын түсіндіру және жас ұрпақты елін, жерін сүюге тәрбиелеу болды.

Іс-шара барысында мектеп ұжымы ер азаматтарды, әскери қызметкерлерді және болашақ Отан қорғаушыларды мерекемен құттықтап, ізгі тілектерін білдірді. Қатысушыларға Отан қорғаушылар күнінің тарихы мен маңызы туралы ақпарат беріліп, Қазақстан Қарулы Күштерінің ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлі туралы айтылды.

Мерекелік шара аясында оқушылар патриоттық тақырыптағы өлеңдер оқып, құттықтау сөздерін арнады. Сонымен қатар, ерлік, батырлық, жауапкершілік және елге қызмет ету секілді құндылықтар кеңінен насихатталды. Оқушылар Отан қорғаушылардың ел тыныштығы мен қауіпсіздігін сақтаудағы еңбегін ерекше атап өтіп, олардың қызметіне деген құрметтерін білдірді.

Іс-шара барысында қатысушыларға халқымыздың батыр тұлғаларының ерлігі мен өнегелі өмір жолдары таныстырылып, олардың ел тарихындағы орны туралы мәліметтер берілді. Бұл өз кезегінде оқушылардың тарихи санасын қалыптастырып, патриоттық рухын көтеруге ықпал етті.

Шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, оқушылардың белсенді қатысуымен өтті. Мерекелік іс-шара барысында көтеріңкі көңіл-күй қалыптасып, қатысушылар өздерінің Отанға деген сүйіспеншіліктерін білдірді.

Қорытындылай келе, «7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне» арналған құттықтау іс-шарасы оқушылардың азаматтық ұстанымын нығайтып, патриоттық тәрбие беруде маңызды рөл атқарды. Іс-шара өз мақсатына толық жетіп, қатысушыларға ерекше әсер қалдырды.





АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде Халықаралық отбасы күніне орай ата- аналарға арналған «Менің балам – көшбасшы» тақырыбында «Денсаулық FEST» атты ата-ана сағаты өткізілді.

Іс-шара атауы: Халықаралық отбасы күніне орай ата-аналарға арналған «Менің балам – көшбасшы» тақырыбында «Денсаулық FEST» атты ата-ана сағаты
Форматы: дөңгелек үстел
Мерзімі: 12 мамыр, 2026 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі базасында Халықаралық отбасы күніне орай ата-аналарға арналған «Менің балам – көшбасшы» тақырыбында «Денсаулық FEST» атты ата-ана сағаты өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту, ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру, балалардың көшбасшылық қасиеттерін дамытудағы отбасының рөлін түсіндіру және салауатты өмір салтын насихаттау болды.

Ата-ана сағаты барысында қатысушыларға баланың тұлғалық дамуы, көшбасшылық қабілеттерін қалыптастыру жолдары, ата-ананың қолдауы мен бағыт-бағдарының маңыздылығы туралы ақпараттар берілді. Сонымен қатар, отбасы құндылықтарын дәріптеу, бала мен ата-ана арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайту мәселелері кеңінен талқыланды.

Іс-шара аясында ата-аналарға түрлі тренингтік жаттығулар, пікір алмасу алаңдары және танымдық тапсырмалар ұсынылды. Қатысушылар өз тәжірибелерімен бөлісіп, бала тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелер төңірегінде ой бөлісті. Баланың бойындағы көшбасшылық қасиеттерді анықтау, дамыту және қолдау жолдары туралы пайдалы кеңестер берілді.

«Денсаулық FEST» бағдарламасы аясында салауатты өмір салтын ұстанудың маңызы, денсаулықты сақтау мәдениеті, дұрыс тамақтану, дене белсенділігі және отбасылық спорттық іс-шаралардың бала тәрбиесіндегі рөлі туралы мәліметтер ұсынылды. Ата-аналар денсаулықты нығайтуға бағытталған түрлі сергіту жаттығуларына қатысып, белсенділік танытты.

Шара барысында қатысушылар отбасы мүшелерінің бір-біріне қолдау көрсетуі, балалардың өзіне деген сенімін қалыптастыру және олардың қабілеттерін дамытудағы ата-ананың орны ерекше екенін атап өтті. Іс-шара достық және ашық пікір алмасу жағдайында өтіп, ата-аналардың қызығушылығын арттырды.

Қорытындылай келе, Халықаралық отбасы күніне арналған «Менің балам – көшбасшы» тақырыбындағы «Денсаулық FEST» ата-ана сағаты өз мақсатына жетіп, ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлін күшейтуге, отбасы құндылықтарын насихаттауға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға оң ықпал етті.

АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде «Табысты болу үшін диплом болуы тиіс д.е» тақырыбында дебат өткізілді.

Іс-шара атауы: «Табысты болу үшін диплом болуы тиіс д.е»
Форматы: дебат
Мерзімі: 22 мамыр, 2026 жыл
Орны: 5 мектеп-лицейі
Қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары
Жауапты:Тәлімгер: И.Қуанышбек

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі білім алушыларының қатысуымен «Табысты болу үшін диплом болуы тиіс пе?» тақырыбында дебат өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту, өз көзқарастарын еркін әрі дәлелді түрде жеткізуге үйрету, білім мен табыс ұғымдарының өзара байланысын талдау және қоғамдағы өзекті мәселелер бойынша пікір алмасу мәдениетін қалыптастыру болды.

Дебат барысында қатысушылар қарар аясында екі тарапқа бөлініп, табысқа жетудегі жоғары білім мен дипломның рөлі туралы өз ұстанымдарын қорғады. Бір тарап дипломның кәсіби біліктілікті растайтын маңызды құжат екенін, көптеген мамандықтар бойынша мансап құру үшін жоғары білімнің қажеттілігін дәлелдеді. Сонымен қатар, сапалы білімнің адамның дүниетанымын кеңейтіп, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуына ықпал ететінін атап өтті.

Ал екінші тарап қазіргі қоғамда табысқа жетудің жалғыз жолы диплом емес екенін алға тартты. Олар кәсіпкерлік, шығармашылық, ақпараттық технологиялар және басқа да салаларда өз қабілеті мен тәжірибесінің арқасында жетістікке жеткен тұлғаларды мысалға келтіріп, табандылық, еңбекқорлық, өзін-өзі дамыту және кәсіби дағдылардың маңыздылығын көрсетті.

Пікірталас барысында қатысушылар нақты дәлелдер мен мысалдарды келтіріп, өз ойларын мәдениетті түрде жеткізе білді. Оқушылар қарсы тараптың пікірлеріне талдау жасап, сұрақтар қойып, өз ұстанымдарын қорғауда белсенділік танытты. Бұл өз кезегінде олардың логикалық ойлау, шешендік өнер және көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.

Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушылардың қызығушылығын арттырды. Дебат нәтижесінде оқушылар білімнің, тәжірибенің және жеке қасиеттердің адам өміріндегі маңызын жан-жақты талқылап, өздерінің азаматтық және әлеуметтік көзқарастарын қалыптастыруға мүмкіндік алды.Қорытындылай келе, «Табысты болу үшін диплом болуы тиіс пе?» тақырыбындағы дебат өз мақсатына толық жетіп, оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамытуға, өз пікірлерін дәлелді түрде қорғауға және өмірлік маңызды мәселелерге саналы көзқарас қалыптастыруға оң әсерін тигізді.



